Мекемеде бюджеттік және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша, оның ішінде мемлекеттік сатып алу бойынша сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелдері анықталмады.

Талдау барысында сыбайлас жемқорлықтың фактісі анықталмады.

***Сыбайлайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсынымдарды шығарды:***

1. Гимназия әкімшілігі сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында баспа басылымдарында жариялай отырып немесе гимназияның ресми интернет-ресурсында орналастыра отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
2. Гимназияның ресми сайтында (https://mektepgsm.edu.kz/) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» атты бөлімшесі мектеп ішінде өткізілген іс-шаралармен толықтырылып, жаңартылсын;
3.Гимназияда мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғалар гимназияның ресми сайтындағы (https://mektepgsm.edu.kz/) мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпараттарды жаңартып, толықтырсын;
4. Гимназияның педагогтары ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы туралы Заңын, педагогикалық әдеп кодексін үнемі қатаң сақтасын;

Жұмыс тобының төрайымы: **Алимова Г.Н.**

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілген:

**Базарбаева Б.**

**Турмагамбетова А.К.**

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 5-6-сынып оқушылары сурет салды. Сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу керек екенін суретімен түсіндіре білді. 7-сынып оқушылары «Адалдық – адамдық бейнесі» тақырыбында шағын қойылым ұйымдастырды. Адал еңбектің маңыздылығына ерекше тоқталынды. 8-сынып оқушылары «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында плакаттар салды. Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықты болдыртпау мақсатында сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелдері туралы айтылды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қайта талқыланды. Педагогтарға ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау, педагогикалық әдепті сақтау керек екенлігі ескертілді. Гимназия қажеттілігіне ақша жинауға, сыйлық алуға болмайтыны ескертілді. Ата-аналар жиналыстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы мүлтіксіз сақтауға, кез келген сыбайласжемқорлық көріністеріне төзбеушілік жағдайын жасауға бағытталған түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіледі.
Кәсіподақ комитетінің әлеуметтік-еңбек даулары жөніндегі комиссиясына мүдделер қақтығысын реттеу туралы шағымдар түскен жоқ. Гимназияда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмыс істейді. 2023 жылдың 3-тоқсаны бойынша шағым түспеді. Этика талабын бұзу фактісі анықталмады.
*Қаржы-шаруашылық қызмет: бюджет қаражатын тиімді пайдалану, жұмыскерлерге төлемдер, мемлекеттік сатып алу, ақылы қызметтерді іске асыру және т.б.*
Мекемеде бюджеттік және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша, оның ішінде мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстар уақытында әрі тиімді атқарылады. Оның ішінде бірнеше мемлекеттік сатып алу қомақты қаражатты құраған. «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен 235204,14 тг көлемінде мемлекеттік сатып алу орын алған. Интернетке қол жеткізу бойынша қызметтер «АҚ» Казахтелеком 325468,04 тг көлемінде, интернетке қол жеткізу бойынша қызметтер АҚ«АлмаТел Казахстан» 181678,82тг. көлемінде, бірыңғай интернетке қол жеткізу шлюзі қызметі 343200,01 тг көлемінде орын алды. Бейнебақылауды ұсыну бойынша мемлекеттік сатып алу «Казахтелеком»АҚ-мен 94000 тг. көлемінде болды. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша ПК«Сказка»-мен622800 тг мемлекеттік сатып алу орын алды. Мемлекеттік сатып алу барысында «BilimLand» ЖШС-пен 580 000.00 тг. көлемінде шарт жасалынған. «Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің «Қостанай-Су» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнымен 3000000тг. көлемінде мемлекеттік сатып алу орын алған. «Костанайский ЭнергоЦентр» ЖШС-мен19683000 тг. мемлекеттік сатып алу орын алған. «Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің «Қостанай жылу-энергетика кәсіпорны» МКК-мен 13108092 тг. көлемінде мемлекеттік сатып алу орын алды.

Маусым айында мектеп жанындағы лагерь бойынша 2 оқушы барды. №24 мектеп гимназиянанның асханасынан 2 апта тамақ ішті. Мектеп жанындағы лагерьге кеткен тамақ құны 9 000 теңге жұмсалды.Сонымен тамыз айында қатар қала сыртындағы сайықтыру лагерь бойынша 2 оқушы барды. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі көрсетілді.Жыл бойынша тегін тамақпен қамтылған оқушыларға бақылау жүргізілді. Қыркүйек айының 02-30 аралығында 55 100 тг. Көлемінде қаражат.

«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі аталмыш кезеңде 2 рет 1 тұлғаға көрсетілді. Алғашқы рет құжаттың толық емес болуына байланысты берілмеді, екінші рет құжат толық тапсырылды.

Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Балтабаева Г.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары С.Бейсенова жауапты. Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсетілмеді.

Қараша айында 2 е-өтініш келіп түсті. «Daryn.Online» ЖШС-нан мемлекеттік сатып алу бойынша ақпараттық хат біреуі телнұсқа деп қабылданды.

*2023 оқу жылының III -тоқсанында 2 оқыту семинары өткізілді:*

Е-өтінішке байланысты қазан айында қалалық білім бөлімін семинар өткізді. Қараша айында қалалық білім бөлімімен мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты семинар өткізілді.

1.2023 жылдың 16 қараша айында білім бөлімінің жоспарына сәйкес "Білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі" тақырыбы бойынша әлеуметтік педагогтарға арналған оқыту семинарына әлеуметтік педагог А.Ахметжан қатысты.

Есептік кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша құқықбұзушылық пен шағым анықталмады. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі мектеп басшысының тұрақты бақылауында.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі өзгерістермен толықтырыла, стенд ретінде жасалынды.

Талдау барысында сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелі анықталмады.

**3) «Рұқсат беру функцияларын іске асыру»**

С.Мәуленов атындағы гимназия рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

**4) «Бақылау функцияларын іске асыру»**

С.Мәуленов атындағы гимназия бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

**5) Гимназияның ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

Айжарқынның сіңлісі география пәні мұғалімі Жанайдарова Аида екені анықталды. Директордың шаруашылық ісі меңгерушісі Бақтыгереева Галинаның жұбайы жұмысшы Мусабеков Серик екені анықталды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410 Заңының 14 бабының бұзылуы тікелей бағыныштылықтың болмауына байланысты сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелі анықталмады.

**2) Мемлекеттік қызмет көрсету**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ-де 7 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;
2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;
3. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;
4. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;
5. «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;
6. «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі;
7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі - 119. Осы аралықта - 119 оқушы «Сакура» электрондық порталы арқылы қабылданды. Тамыз 46 оқушы, шілде -73 оқушыларға қызмет көрсетілді. Жауапты тұлғалар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Балтабаева, хатшы Д.Райымбек , директордың АКТ жөніндегі орынбасары – А.Міркемел.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі 2 тұлғаға көрсетілді.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сәйкес (Т) 8 оқушы тегін тамақпен қамтылды.

лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Қазіргі таңда С.Мәуленов атындағы гимназияда 2 бос орын бар: әлеуметтік педагог – 1 ставка, менеджер – 1 ставка. Бос орын туралы ақпарат «Электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталында, гимназияның сайтында жарияланған.
Басқа лауазымға ауысу бір жағдайда орын алды, директордың АКТ жөніндегі орынбасары Міркемел Айнұр Мұратқызы жұмыс ауыстыруына байланысты оның орнына әлеуметтік педагог Ахметжан Абылай Талғатұлы міндетін атқару болып тағайындалды.

Басқа лауазымға ауысу бір жағдайда орын алады, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Міркемел Айнұр Мұратқызы директордың ақпараттық-коммуникациылық технологиялар жөніндегі орынбасары қызметіне ауысты. Гимназия қызметкерлеріне жалақысы туралы түбіртек ай сайын беріледі. Қызметкерлер жалақысы уақытылы төленеді.
Тәртіптік жазалар мерзімінде орындалған, тұлғалардың құқықтарын бұзу фактісі анықталмады.
**Есептік кезенде** (шілде-желтоқсан):
**Жұмыстан өз еркімен босатылды**: 14 қызметкер жұмыстан өз еркімен босатылды, оның ішінде 3 педагог.
Шілде айы – 2 педагог;
Қыркүйек айы – 1 педагог, 4 кіші қызметкер
Қазан айы – 2 кіші қызметкер
Қараша айы – 5 кіші қызметкер
**Жұмысқа қабылданды**: жалпы – 21 қызметкер қабылданды, оның ішінде 5 педагог
Шілде айы – 1 педагог
Тамыз айы – 1 педагог (кезекті декреттік демалыстан кейін)
Қыргүйек айы – 2 педагог (1 педагог кезекті декреттік демалыстан кейін), 7 кіші қызметкер
Қазан айы – 2 педагог, 4 кіші қызметкер
Қараша айы – 3 кіші қызметкер
Желтоқсан – 1 кіші қызметкер
Жұмысқа қабылдау барысында сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелі анықталмады.

***Мүдделер қақтығысы***

С.Мәуленов атындағы гимназияда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжат (саясат) бар. Мекеме қызметінде жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында даулы мүдделер жоқ. Мүдделер қақтығысының мониторингісі жасалып отырады. Талдау объектісі қызметкерлерінің лауазымдық міндеттемелерін орындау кезіндегі мүдделер қақтығысының фактісі анықталмады.
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімі " қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Досымова Замзагульдің әпкесі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Токаева Назгуль, ағылшын тілі пәні мұғалім Жанайдарова

педагог – 1 адам (1 ставка), директордың шаруашылық меңгерушісі – 1 адам (1 ставка), гимназияның бас бухгалтері – 1 адам (1 ставка). Әкімшілік лауазымдық міндеттері гимназия директоры А.Мадибаевпен бекітілген. «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ мұғалімдерінің жалпы штат саны 43 педагог қызметкерді құрайды. Кіші қызмет көрсетуші персонал саны – 20.

С.Мәуленов атындағы гимназияның педагогикалық ұжымының сапалық құрамы- 43 педагог қызметкер (100 %) – жоғары білімді.
Сапалық құрамын талдай келе,
Педагог - 8 педагог қызметкер, «Педагог-шебер» санатында – 1, «педагог-зерттеуші» санатында - 21, «педагог-сарапшы» санатында - 6, «педагог модератор» санатында - 7 педагог қызметкер жұмыс жасайды. Педагог қызметкерлер әрбір 3 жылда біліктіліктерін арттырып отырады.
С.Мәуленов гимназиясында кадрларды іріктеу және орналастыруда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, гимназия Жарғысы, сондай-ақ ұжымдық шарты басшылыққа алынады. Мұғалімнің білім деңгейі, практикалық жұмыс тәжірибесі ескеріледі.
Педагог қызметкерлерді және өзге де қызметкерлерді іріктеу және лауазымға тағайындау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының бекітілген үлгілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 17 тамызда №5750 «Қызметтің барлық салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының бекітілген біліктілік сипаттамаларына» сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі №775 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2016 жылғы 3 қазандағы №14281 негізделеді.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау конкурстық іріктеу негізде жүзеге асырылады. Лауазымдық мүдделер қақтығысының болмауына баса назар аударылады.

Сыбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелдерін талдау барысында С.Мәуленов атындағы гимназияда конкурстық іріктеу жүргізілмей, лауазымды жоғарылату фактісі анықталмады.
2016 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» №498 бұйрығымен бекітілген бекітілген мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларының 5-тармағын орындауға байланысты бос орын болған жағдайда кандидаттарды іріктеу шарттары бірдей болады, үміткерлердің мүмкіндіктері тепе-тең келеді.
Бос орындар пайда болған жағдайда ақпарат «Электрондық еңбек биржасында» уақытында орналастырылып, еңбек жағдайлары мен төлемақысы, орналастыру мерзімі туралы толық ақпарат беріледі. Олар пайда болған күннен бастап, бес жұмыс күн ішінде бір аптадан бір айға дейін «Электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталына уақытылы жіберіледі. Бос орындарға қабылдау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін